

АМАНКУЛОВ АЙМУРАТ КУРАБАЕВИЧ

*Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы
Темірбек Жүргенов атындағы №123
мектеп-лицейінің дене шынықтыру
пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы,
Республикалық «Үздік дене шынықтыру
мұғалімі – 2023» байқауына қатысушы*



«Қолжетімді ойындар» жобасы

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Соның негізінде, бұл жердегі менің алып отырған жобам **«Қолжетімді**

ойындар» деп аталады. **Бұл ойынның мақсаты:**

- *Оқушылардың ойлау қабілетін, ептілігін дамыту;*
- *Оқушыларды байқампаздыққа, жылдамдыққа машықтандыру;*
- *Өзара дұрыс қарым-қатынас жасауға, жұпта және топта өзін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу*
- *ЕҚҚЕ оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.*

Әр ойындардың сипаттамасына тоқтала өтсем:

1) “Өз түсіңді таңдап ал!” ойыны

Ойын тақтасы ПВХ материалынан жасалған, дөңгелек шарлар мен жылжымалы қалталардан тұрады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай, ойнауға ыңғайлы

2) “Шытырман” ойыны

Ойын ПВХ материалынан жасалынған, жиналмалы. Кіші жастағы мектеп оқушыларына ойнауға қауіпсіз, балаларды ептілікке баулуда пайдалануға тиімді.

3) “Балықшылар” ойыны

- Ойын тақтасы ПВХ материалынан жасалған, 4 түсті ұяшықтардан тұрады.
- Балықтар (дөңгелектер) мен қармақ ағаштан жасалған. Балықтарды аулап, арнайы ұяшықтарға орналастыру қажет. Ойыншыларға қауіпсіз.

4) «Кім жылдам?» ойыны

Бұл ойын ойын тақтасы мен түсті фишкалардан тұрады. ПВХ материалынан жасалған үстел үсті ойыны. Ойын жұптасып ойналады. Шарты: барлық фишканы орталық қақпа арқылы қарсылас алаңына бір бірлеп ұрып жеткізу керек.

Бұл ойын сыныптағы ЕҚҚЕ оқушылармен жұмыс жүргізуге өте тиімді. Нәтижесінде, бұл ойындарды ойнау барысында ортақ тақырып - оқушылардың белсенділігі артып, жауапкершілік тәртіп орнайды.



“Өз түсіңді таңдап ал!”



Ойын тақтасы ПВХ материалынан

жасалған, дөңгелек шарлар мен жылжымалы қалталардан тұрады.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай, ойнауға

«Шытырман» ойыны

Ойын ПВХ материалынан жасалынған, жиналмалы. Кіші жастағы мектеп оқушыларына ойнауға қауіпсіз, балаларды ептілікке баулуда пайдалануға тиімді.



“Балықшылар” ойыны

Ойын тақтасы ПВХ материалынан жасалған, 4 түсті ұяшықтардан тұрады.

Балықтар (дөңгелектер) мен қармақ ағаштан жасалған. Балықтарды аулап, арнайы ұяшықтарға орналастыру қажет. Ойыншыларға қауіпсіз.

Кім жылдам? ойыны

Бұл ойын ойын тақтасы мен түсті фишкалардан тұрады. ПВХ материалынан жасалған үстел үсті ойыны. Ойын жұптасып ойналады. Шарты: барлық фишканы орталық қақпа арқылы қарсылас алаңына бір бірлеп ұрып жеткізу керек.

Бұл ойын сыныптағы ЕҚКЕ оқушылармен жұмыс жүргізуге өте тиімді.

